

9-дәріс. Мұхаммед Хайдар Дулати және «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі негізгі парадигмалар

Дәрістің мақсаты: Қазақ хандығы тұсындағы беделді дерек көзі болып саналатын ойшыл, тарихшы Мұхаммед Дулати және оның еңбегімен таныстыру. Тарих философиясы, тарихи сана туралы дискуссия жасау.

Мұхаммед Хайдар Дулати 1499 жылы Ташкентте дүниеге келген. Әкесі Мұхаммед Хусейн, шешесі Жүніс ханның қызы – Хуб Нигар. Хайдар Дулати Үндістанды ұзақ билеген Захир ад-дин Бабырдың /1483-1530/ бөлесі болып саналады. Әкесі Хусейін Моғолстан ханы Сұлтан Махмұд ханмен достық қарым-қатынаста болған. Кейін оның қарындасын алып отбасын құрады. Өкініштісі, Мұхаммед Дулати 1551 жылдары қылмыскерлердің қолынан дүние салады.

Хайдар Дулати Қашқар хандығының астанасы Жаркентте 18 жылдан астам өмір сүріп, қызмет жасаған. Кашмир жеріне 1540 жылдары келіп, өзінің білімділігі мен батырлығының арқасында билеуші дәрежесіне дейін көтеріледі. Осы уақыттан бастап өзінің «Тарих-и Рашиди» еңбегін жазып, екі дәптерге бөледі. Бірінші дәптер – 70 тараудан, екінші дәптер – 117 тараудан тұрады.

Бірінші дәптер – XIV ғасырлардың ортасына таман Моғолстан және Қашқарда билік құрған Шағатай хандардың тарихы, олардың ислам дінін қабылдаған Тоғлық Темір ханнан бастап, 1533 жылы таққа отырған Әбдірашит хан тарихы баяндалған. Сонымен қатар, Тараз, Жетісу, Талас өңірін мекендеген дулат тайпасының күшімен дербес мемлекеттік құрылуы туралы тарихи деректер кездеседі. Ал, екінші дәптер шамамен 1541-1543 жылдары жазылған. Бұл дәптерде тарихи оқиғалар мен өзі туралы естеліктер, одан кейін XV ғасырдың соңындағы Кашмир жеріндегі өмірі баяндалады.

Кез-келген халықтың өзіне тән тамыры терең тарихы, салт-дәстүрі, философиясы және қайнаған өмір сүру образы бар. Қазақ халқының да өзіндік философиялық ойының дамуы қиын да қатал тағдыр кешкен тарихына тікелей байланысты. Яғни, ойшылдардың дүниеге, табиғатқа, адамға деген көзқарастарының қай-қайсысын

алсаңыз да бәрі де белгілі тарихи, әлеуметтік жағдайға байланысты дүниеге келетіндігі анық.

Адамзат тарихы, ең алдымен, әрбір ұлттың, халықтың ойлау машығы, рухани мәдениетімен қабаттасып жатады. Өйткені, әрбір ойшыл, ғұлама – өз ұлтының, халқының перзенті. Оның жазған шығармалары халқының ұлттық тілімен, әдет-ғұрпымен, сондай-ақ әдебиеті, өнері, діні және төл тарихымен тығыз байланысты болып келеді. Тарих – кешегі өмір айнасы. Тарихсыз ел, адамзат болмаған.

XV-XVI ғасырлардағы Орталық Азияның атақты тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди» еңбегін қазақ тарихы мен әдебиетін, мәдениетінен өткен түркілік дәуірмен, исламдық құндылықтармен байытылғанын көреміз.

Сонымен қатар, бұл жәдігерде 1346-1546 жылдар аралығында Орталық Азия, Тибет, Ауғанстан, Кашмир, Иран, тіпті Иракқа қатысты көптеген тарихи оқиғалар баяндалған. Ислам дінін дәріптеуде мадақ, мінажат сынды әдеби тақырыптар молынан қолданылады.

Ағылшын ғалымы W.Balley 1873 жылы «Тарих-и Рашидидің» парсы тіліндегі мәтінін пайдалана отырып, «Шығыс Түркістан тарихы» атты кітап жазады. Шоқан Уалиханов, Санжар Асфендияров, Әлкей Марғұлан сияқты ғалымдар Мырза Хайдар Дулатиді «қазақ халқының тарихшысы» – деген баға береді.

Қазақ тілінде ең алғаш болып шығыстанушы, ғалым Әбсаттар Дербісәлі 1999 жылы «Мұхаммед Хайдар Дулати» деген атпен кітап шығарады.

Одан кейін, академик, қыпшақтанушы Болат Көмеков пен тарихшы Берекет Кәрібай «Тарих-и Рашиди» еңбегін пайдалана отырып, «Мырза Хайдар Дулат» еңбегін жариялады.

Кітаптың «Тарих-и Рашиди» аталуының үш түрлі себебі бар: Бірінші, Тоғлық Темір хан ислам дінін Маулана Аршададдиннің ықпалымен қабылдады. Екінші, Тоғлық Темірге дейін-ақ исламды Барақ хан /1204-1271/, одан кейін Кебек хан /1318-1326/ қабылдаған еді. Алайда, бұл хандар дәуірінде моғол ұлыстары ислам дінінен дұрыс жолды таба алмады. Ал, мәртебелі Тоғлық Темір хан исламнан дұрыс жол тауып, мәртебесі өсе түседі. Үшінші, Дулати Үндістанның Кашмир

штатының орталығы Сринагар қаласындағы «Мазар-и-Салатин» қабірстаннан Мырза Хайдардың мазары табылған.

«Тарих-и Рашиди» еңбегін оқығанда автордың өмірлік, философиялық көзқарасын, өз дәуірінің рухани-мәдени дүниетанымын сезіну де, ұғу да қиын емес. Оның өз еңбегінде пайдаланған алпыстан аса шығармаларын назарға алсақ, тарихшының білім деңгейі өз дәуірі үшін жоғары дәрежедегі ғұлама, білімді кісілер қатарында болғанын көрсетеді. Атап айтқанда, тарих, әдебиет, поэзия теориясы, жағрафия, астраномия, сопылық, фикһ, ислам діні тарихы, пәлсапа, араб граматикасы, тағы басқа оқыған шығармаларында келтірілген» (Жеменей И. *Мырза Хайдар Дулат тарихшы- қаламгер. (монография) Алматы: Зерде баспасы, 2007 – 360 бет*).

«Тарих-и Рашиди», ең алдымен, тарихи дерек ретінде аса құнды. Бұл еңбек сол кездері қазіргі Қазақстан территориясының оңтүстігі мен оңтүстік-шығысын алып жатқан Моғолстанның және Қашқарияның тарихына, оны билеген шағатайлық нәсілдегі хандардың тарихына, дулат тайпасының тарихына, оның Шығыс Түркістандағы билеушілерінің тарихына арналған. Мырза Хайдардың еңбегінде Орталық Азияны мекен еткен өзге де халықтардың тарихы, тарихи географиясы, салт-санасы және т.б. туралы орасан көп мәліметтер кездеседі. «Тарих-и Рашиди» сол заманның басқа деректерімен, оның ішінде «Бабырнамамен» салыстырғанда, Моғолстан мен Монғолия туралы басқа еш жерде кездеспейтін хабарларды береді, сондықтан да Моғолстан мен Шығыс Түркістанның ортағасырлық тарихын зерттеген шығыстанушы авторлардың барлығы дерлік осы тарихи дерек көзіне сүйенеді» (Ғабитов Т.Х., Сатершинов Б.М. *Қазақтану: тарих философиясы. Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 265/119 бет*).

Мұхамед Дулатидің еңбегі қазіргі Қазақстан жерінің оңтүстігі мен оңтүстік-шығыс өңірін алып жатқан Моғолстан мен Қашқарияның тарихына қатысты тарихи деректердің қайнар көзі. Соның ішінде Керей мен Жәнібек сұлтандардың бөлініп көшіп келгенге дейінгі Шығыс Дешті Қыпшақ тарихы баяндалады.

9.2. Тарих философиясы

Тарих философиясы – тарихи процестің мәні мен заңдылықтарын түсінуге арналған философиялық білімдердің жиынтығы. Тарих философиясы өткеннің, бүгінгі күннің және болашақтың арақатынасы туралы ұғымдардың мәнін ашады. Тарих философиясы қай заманда болмасын өзінің өзектілігін жоймайды және адамзатпен бірге жасай беретін мәңгілік тақырып.

«Тарих философиясы дегеніміз не? Мәселе түсінікті болу үшін әуелі «тарих» және «тарих философиясы» ұғымдарының мәнін талдап алу қажет. Нақты, тарих деп белгілі бір оқиғалардың уақыт пен кеңістікте дамуын айтамыз. Мәтіндік тарих – өткеннің нақты оқиғаларын интерпретациялау. Ал, адамзат эволюциясының жалпы теориясы тарих философиясы деп аталады. «Тарих философиясы» терминін 18 ғасырда, 1775 жылы француз философы Франсуа-Мари Аруэ де Вольтер енгізді. Оның пайымдауынша, тарих философиясы нақты тарихи оқиғалар, үдерістер, фактілер арқылы тарихи үдерістің мәнін, логикалық байланыстарын және үрдістерін түсінуге ұмтылады. Вольтердің пікірінше, тарихи факт дегеніміз құбылыс қана, зерттеуші ой онымен шектеліп, қанағаттана алмайды, ол тарихи оқиғалардың мәніне терең бойлап, олардың пайда болуы мен дамуының мәні мен логикасына үңілуі тиіс» (Ұлы Даланың жеті қыры және қазақ философиясының өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 19 қаңтар, 2019 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 512 б. Нұрышева Г.Ж. Ұлы даланың жеті қыры және қазақ философиясының өзекті мәселелері. 78-83 беттер).

Қазақ ғылымы мен мәдениетінің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан майталман ғылым, халқымыздың тұңғыш тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулатидің есіме ерекше аталады.

«Тарихи сана қоғамдық сананың өзге түрлері секілді күрделі ішкі құрылымға ие. Тарихи сананы ғылыми-тұжырымдамалық (теориялық) және күнделікті деңгейлеріне бөлу кеңінен таралған. Берілген деңгейлер қалыптасудың дерек көздері, тарихи таным әдістері, тарихи білімнің мазмұны, тарихи субъектінің қоршаған шынайылықты рухани қабылдауы бойынша ажыратылады. Күнделікті сана қоғамдық болмыстың эмпирикалық бейнесі, дүниені тәжірибелік-рухани игеру болып табылады. Күнделікті санаға стереотиптілік, стихиялылық,

танымдық бейнелерді реттеу ерекшелігі, синкретизм тән. Ол өзгереді, дамушы ғылымның ықпалын көреді, жаңа ақпарат есебінен байытылады, құрылым жағынан күрделенеді. Бірақ, ол сананың өзге түрлері арқылы орындалмайтындықтан, өзін өзі сақтап қалады» – дейді (М.Ө.Насимов. *Тарихи сана және оның негізгі түсініктері. //Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы, № 1 (130)/2020. 161-172 беттер*).

«Тарихи сана – бұл бүгінгі ұрпақтың әлеуметтік жады. Әлеуметтік жады формасы жағынан әмбебап және мазмұны жағынан нақты болып келеді. Сондықтан да тарихи сана қашанда нақты тарихи, әлеуметтік, ұлттық және индивидуалдық мазмұнмен толтырылады. Қазіргі кезеңде әлеуметтік жадының үш деңгейінде де – жаһандық деңгейінде, ұлттық деңгейде және жеке тұлғалық дәрежеде түбірлі өзгерістер болып жатыр: адамдық индивидуалдық деңгейде антропологиялық төңкеріс орын алды, әлеуметтік немесе этностық деңгейде ұлттық сана-сезімнің бұрын-соңды болмаған дүмпуі байқалды, ал жалпыадамзаттық деңгейде ақпараттық жаһандану үдерісін бастан кешіп отырмыз» – деген баға береді (Сатершинов Б.М. *Тарихи сана – тәуелсіздіктің рухани тұғыры. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФжСИ КБО, 2011. – 291 бет*).

Тарихи сана – бір жағынан қоғамда болып жатқан тарихи-саяси, экономикалық-мәдени оқиғаларды құрайтын күрделі жүйе. Өткеннен сабақ алып, алдыға жылжуға да ықпалы бар. Сондықтан да, тарихи санасынан айырылған ел, өз тәуелсіздігінен де тез айырылады. Кешегі-бүгінгі-болашақты бір қалыпта ұстау маңызды болмақ.

Тарих философиясы – тарихи оқиғалар, деректер, археологиялық қазбалар ғана емес, оны ізденіс, шығармашылық нәтиже, идеялардың жүзеге асуы деп қабылдаған дұрыс. Тарихи санамызды жаңғыртып тұру да өзекті мәселе.